ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Білім беру ұйымы: «Ақ ниет» балабақшасы
Күні: «04» қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы, жалпы ата- аналар жиналысында қаралды.
Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер және ата-аналар
Жиналыс төрағасы: меңгеруші Н.Джубаниязова
Хатшысы: педагог- психолог А.Сихова

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары» тақырыбында баяндама.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Джубаниязова сөз сөйлеп, ата-аналарға «Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері, оның алдын алудың маңыздылығы туралы түсіндірілді. Сыбайлас жемқорлыққа қызметтік өкілеттіктерді жеке басының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз пайдалану, заңсыз сыйақы алу немесе беру, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке мүддені көздеу сияқты әрекеттер жататыны айтылды.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидалары:

- заңдылықты сақтау;
- адалдық пен әділдік;
- ашықтық пен жариялылық;
- жауапкершілік;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- құқықтық сауаттылықты арттыру екендігі түсіндірілді.

Ата-аналарға балабақша қызметкерлеріне қандай да бір сыйлық, ақша немесе заңда көзделмеген материалдық пайда ұсынуға жол берілмейтіні түсіндірілді. Мәселелерді шешу барысында белгіленген тәртіп пен қолданыстағы заң талаптарын сақтау қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақшада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау, ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету жөнінде ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналарға өз құқықтары мен міндеттерін білу, күмәнді немесе заңсыз әрекеттерге жол бермеу және осындай жағдайлар туындаған кезде балабақша әкімшілігіне хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, балаларға тәрбие беру барысында адалдық, әділдік, жауапкершілік және заңды құрметтеу құндылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары» тақырыбындағы ақпарат ата-аналардың назарына жеткізілсін.
2. Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Меңгеруші:  Н.Джубаниязова

Хатшы: А.Сихова